

Қош бол, Аға!

Қарқаралы өңірінің айтулы азаматы Төлеутай Шахарбаев фониден бақиға аттанды. Ол менің осы елдегі орны бөлек, адамгершілік бейнесі жаныма жылы шуағын төккен елден ерек ағам еді. Қызыларайдан Қарқаралыға көшіп келгенде маған арнайы келіп сәлем беріп, «Ахаңның үмбеті еліне қайтып келді, ортамыз толды, өрісіміз кеңіді», – деп қуанған ағаиының бірі һәм бірегейі еді. «Ахаң 1938 жылдары осында хатшы болғанда қолында 120 «халық жауының» тізімі болған, соның бірде-біреуін ұстап бермей, қызметі төмендеп, Жаңатөнге баскарма болып кетіп еді», – деп отырушы еді ағаларымыз»

– деген... Ол кезде Төкең Нұркен совхозының директоры еді. Кейіннен Қарқаралы аудандық партия комитетінің соңғы бірінші хатшысы болды. Мен көшіп келген соң Қасым ақынның туыстарын іздегем, бала күнінен жетім өскен Қасым әуелі Семей асып, одан Алматы-Оралға өтіп, бұл жакқа ат ізін салмаған екен. «Қасымның туысы бізбіз» дегенді мен алғаш рет осы ағамның аузынан естіп едім, басқа ел оның кім екенін де білмейтін болып шықты...

Бір күні Төкен: – Қасымның үйсіз-күйсіз өткені белгілі ғой? Сол кезде Қарқаралыда жиырдан астам колхоз бар еді, – деп еді. – Сол жиырма

колхоздың басқармасы жиырма ірі қараны етке салса, соған бір үй келуші еді ғой?! Қасымды қаңғыртып қойғаны несі?!

Мұндай сөзді ерінің қадірін біліп, қасиетіне жеткен ел ағасы ғана айта алады! Басқа пенделердің аузына мұндай сөз түспейді!

Төлеутай Шахарбаев аудан тізгінін қолға алғаннан кейін Қасымның 80 жылдығын дүбірлі той ғып өткізді. Алматыдан Қазақстан Компартиясы ОК үшінші хатшысы Өзбекәлі Жәнібеков бастаған, Гафу Қайырбеков, Шерхан Мұртаза т.б, қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдері, жұбайы – Сақыпжамал, қызы Даригалар келген еді. Мен осында – Кент

тауының етегінде Қасым туралы сөз сөйледім. Кейін мерейтой Алматыда жалғасты. Ақтоғай үшін Рымбек Жүнісов, Шет үшін Қасымбек Медиев қандай болса, Қарқаралы үшін Хакім Зәкішев пен Төлеутай Шахарбаев сондай тұлға еді. Енді, міне, олардың да орны үңірейіп тұрады...

Төкең туған еліндей терең, парасатты, қарапайым адам еді. Ойы да, тірлігі де тап-таза еді. Туған елі хақында төмен ойда болып, оның қазынасын ішіп-жеп кеткендердің ақыры не болды?! Не болар екен күндердің күні?!

Қош бол, Аға! Алдың пейіш, артың кеніш болғай!

Серік АҚСҰҢҚАРҰЛЫ

Төлеутай Мінапасұлы ШАХАРБАЕВ



Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қарқаралы ауданының Құрметті азаматы Төлеутай Мінапасұлы Шахарбаевтың қайтыс болуына байланысты, Шахарбаевтар әулетіне қайғыларына ортақтасып, көңіл айтамыз.

Төлеутай Мінапасұлы – ел дамуына елеулі үлес қосып, өнегелі еңбегімен халықтың құрметіне бөленген көрнекті тұлға еді. Ол кісі саналы ғұмырын ауыл шаруашылығын дамыту мен өңірімізді өркендету жолына арнады.

Тың және тыңайған жерлерді игеру науқанына қатысып, Қарқаралы өңіріндегі ауыл шаруашылығының қалыптасуы мен дамуына зор үлес қосты. Әр жылдары совхоз директоры, аудандық атқару комитетінің төраға-

сы және партия комитетінің бірінші хатшысы ретінде аймақтың әлеуметтік-экономикалық өсуіне еңбек сіңірді.

Облыстың Ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының бірінші орынбасары, «Қарағанды-Нан» АӨК директоры және «ПҚФ «Агросоюз» басшысы қызметтерінде де жоғары біліктілігі мен жауапкершілігін танытты.

Көп жылғы еңбегі жоғары бағаланып, «Құрмет» орденімен, тың игеруге қосқан үлесі үшін медальдарымен және бірқатар мемлекеттік наградалармен марапатталды.

Төлеутай Мінапасұлының жарқын бейнесі мен елімізге сіңірген еңбегі біздің жүрегімізде әрдайым сақталады.

Марқұмның жақын туыстарына қайғыра көңіл айта отырып, қаза артының қайырын берсін дейміз.

Е.БӨЛЕКПАЕВ,
Н.КОБЖАНОВ,
А.ТАЙЖАНОВ,
Е.АЛПЫСОВ,
Р.КЕНЖЕБЕКОВ,
Ә.ӘЛДЕНЕЙ,
О.ТӘУІРБЕКОВ,
Е.ГАЛИЕВ,
Н.БИКЕНОВ,
А.ТЮ.ЛОБЕКОВ,
Р.ОМАРБЕКОВА,
С.АҚСҰҢҚАРҰЛЫ,
С.МУСИН

Бақұл болыңыз, Нар Нағашым!

Сыр өңірінде іссапарда жүредім. Елден жеткен суық хабар жүрегімді жаншып, қабырғамды қайыстырып жіберді.

Анамның төркініндегі төрдегі орын бос қалыпты. Қажырлы қайраткер, тұғырлы тұлға, Қарқаралының өзіндей, Битаның (Сеңкібай бабасының) көзіндей болған Нар Нағашым Төлеутай аға дүние салыпты...

Төлеутай нағашыммен Арқаның абыз ақсақалы, Алаш көсемдерінің соңғы толқыны Қалкен аға Мәкенбайұлы таныстырып еді. Қалкен ақсақалдың шаңырағында өткен той-қызығынан қалмай, топырақты өлімде де Қалекеннің жанынан

табылатын ірі інісі, кең тынысы осы Төкең болатын.

Мен Қарағандыға көшіп келгенде де алдымнан шығып, ақыл-кеңесін аямаған, «жиенім» деп аялаған да осы Төкең еді. Газетке шыққан әр мақалама, телеарналарға берген әр сұхбат, сөйлеген сөзіме арнайы хабарласып, бірінші болып ой-пікір айтатын да осы Төкең нағашым еді.

Қарқаралының Қасым ауылы төңірегіндегі қара ормандай нағашыларыма таныстырып, ұлы жұртмынша шапағатына бөлеген да осы Төкең нағашым болған. Еркелетіп, үнемі ақ тілеуімен аңқылдап жүретін асылым-ай!

Бойына да, жүрегіне де туған

топырағы Қарқаралының қасиеті, бабасы Сеңкібай батырдың даналығы, қазақ жырының дауылпазы Қасымның қайсар рухы дарыған, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетудің үлгісіне айналған мейірімді жүрек мәңгіге дамыл тапты. Қандай ауыр қаза! Елге тұтқа болған еңселі ер, қазыналы қариялардың қатары сиреп барады. Маған Төлеутай аға Арқадағы асқақ рухтың қамалындай, ұлылықтың ұшқынындай көрінетін.

Есімі қасиетті Қарқаралымен қатар аталатын қайран нағашыммен бірге тұтас бір дәуір көшіп бара жатқандай.

Ол елдің ұлы болды. Елін

сүйді. Еліне адал қызмет етті.

Қыстың алғашқы күнінде Қырдан ескен ызғарлы желмен Сырға жеткен суық хабар Қарқаралыны қамықтырып, Қарағандының рухани қазынасын ортайтып кеткендей...

Асылың ажалға беріп, аңыраған Арқа жұртына, Қарқаралының қараорман халқына, барша нағашыларыма қайғыра көңіл айтамын. Жұбата алмаймын Сіздерді. Өйткені, өзім егіліп отырмын.

Бақұл болыңыз, Нар Нағашым! Алла алдыңыздан жарылқап, иманыңызды жолдас етсін!

Бекзат АЛТЫНБЕКОВ

Елінің ардақты азаматы еді

Елі мен жерінің игілігі үшін ғұмырын арнаған, азаматтық ұстанымы мен парасаты арқылы көпке үлгі болған Төлеутай Мінапасұлы – халық қадірлеген абзал жан еді. Ол мемлекеттік қызмет саласының ардагері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қарқаралы ауданының Құрметті азаматы ретінде ел дамуына өлшеусіз еңбек сіңірді. Еңбек жолында алған марапаттары мен орден-медальдары – оның халқы үшін аянбай тер төккенінің айғағы.

Төлеутай Мінапасұлы қай істе де адалдығымен, әділдігімен, ұйымдастырушылық қабілетімен ерекшеленді. Адамдармен тіл табысуды білетін, ел мүддесін бәрінен жоғары қойған, жауапкершілігі мол басшы болды. Қай қызметте жүрсе де, істің жөнін білетін білікті маман ретінде ауыл шаруашылығы саласының

дамуына, аудандағы әлеуметтік жобалардың жүзеге асуына, халықтың тұрмыс сапасын жақсартуға зор үлес қосты.

Басшы ретіндегі талапшылдығы, әділеттілігі мен қамқорлығы талай жас маманның шыңдалуына себеп болды.

Төлеутай Мінапасұлы аудандық және облыстық деңгейдегі қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, елдік мәселелерде үнемі жауапкершілік танытты. Халық қалаулысы ретінде де, басшылық қызметтерінде де ел сенімін ақтай білді. Оның көрегендігі, парасат-пайымы, ел болашағына деген шынайы жанашырлығы әр істен көрініп тұрды.

Саналы ғұмырын халқына қызмет етуге арнаған ардақты азаматтың жарқын бейнесі жүрегімізде мәңгі сақталады. Ол артында

өшпес өнеге, құрметке толы із қалдырды. Еліне сіңірген еңбегі мен адамдық болмысы келешек ұрпаққа үлгі болып қала береді.

Асыл азаматтың жаны жәннатта, топырағы торқа болсын.

Жақсының аты өшпейді. Ардақты азаматтың туған-туысы мен ұрпағына Алла сабыр берсін!

Е.ЕРЖАНОВ, Н.ОМАРХАНОВ,
РАЛИН, Т.СӘДУАҚАСОВ
Е.ТӨЛЕУОВ, Ә.МҮСТАФИН,
Ш.ОМАРОВ, Т.БЕЙСЕНБАЕВ,
С.ТӘТТІМБЕТОВ, Ө.АЛИН,
У.ЕСЕНБАЕВ, М.ҚАСЫМЖАНОВ,
М.ОМАРБАЕВ, А.ҚҰЛМАҒАНБЕТОВ

№485

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Акционерное общество «АК Алтыналмас» сообщает, что 9 января 2025 года в 12:00 часов по адресу Карагандинская область, Актотгайский район, Карабулакский с.о., с. Нарманбет, улица Сана би №7 (Клубный дом Карабулакского с.о.) будут проведены общественные слушания в форме открытого заседания: Отчет о возможных воздействиях намечаемой деятельности для «Плана горных работ зоны месторождения Бактай (корректировка ранее выполненного проекта)».

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на сайте НБД СОС и ИП ndbecology.gov.kz, и на сайте Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области» https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru. Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на информационнои системе ndbecology.gov.kz и/или по адресу: г. Караганда, ул. Лободы, 20, e-mail: expertiza.upr.krg@mail.ru. А также, дополнительную информацию по проектам и ссылке на подключение к конференциям Zoom можно получить по электронной почте

№235

ХАБАРЛАНДЫРУ

«АК Алтыналмас» Акционерлік қоғамы, 2024 жылғы 9 қаңтар сағат 12:00-де Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Қарабулак а. о., Нарманбет а., Сана би көшесі №7 (Қарабулак а. о. Клубы) Акционерлік қоғамы, «Алтыналмас АК» АК қоршаған ортаны қорғау Департаментінің директоры – Бактығали Абырой Аманұлы, БСН: 950640000810, e-mail: symbat.zhaxylykov@altynalmas.kz. Заңды мекеңжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Медеу ауданы, Елебеков көшесі, 10 үй. Жобаны зсірлеуші «Экологический центр инновации и реинжиниринга» ЖШС, Бас директор Хусайнов М.М., БСН: 130740012440, e-mail: esir_01@mail.ru немесе тел: 87759701794. Мекенжайы: Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Койгельді көшесі, №55. Әсер ету аумағы: Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Қарабулак а.о., Қарасу ауылы. Әсер ету аумағының географиялық координаттары: 47°43'94"47С.Е. и 75°58'85"07Ш.Б. Кен орны географиялық координаттары: 47°20'45.78"С.Е. және 75°41'41.93"Ш.Б.Онлайн қосылу сілтемесі: https://us06web.zoom.us/j/89904921082?pwd=SI0dbHTSbnPb1s9UeqgWC3lFTmtwlu.1, конференция идентификаторы: 899 0492 1082 кіру коды: 123456.

конференцияларына қосылу сілтемесін e-mail: esir_01@mail.ru электрондық поштасы немесе 87759701794 нөмірі бойынша алуға болады. Жобаның тапсырыс берушісі: «АК Алтыналмас» Акционерлік қоғамы, «Алтыналмас АК» АК қоршаған ортаны қорғау Департаментінің директоры – Бактығали Абырой Аманұлы, БСН: 950640000810, e-mail: symbat.zhaxylykov@altynalmas.kz. Заңды мекеңжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Медеу ауданы, Елебеков көшесі, 10 үй. Жобаны зсірлеуші «Экологический центр инновации и реинжиниринга» ЖШС, Бас директор Хусайнов М.М., БСН: 130740012440, e-mail: esir_01@mail.ru немесе тел: 87759701794. Мекенжайы: Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Койгельді көшесі, №55. Әсер ету аумағы: Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Қарабулак а.о., Қарасу ауылы. Әсер ету аумағының географиялық координаттары: 47°43'94"47С.Е. и 75°58'85"07Ш.Б. Кен орны географиялық координаттары: 47°20'45.78"С.Е. және 75°41'41.93"Ш.Б.Онлайн қосылу сілтемесі: https://us06web.zoom.us/j/89904921082?pwd=SI0dbHTSbnPb1s9UeqgWC3lFTmtwlu.1, конференция идентификаторы: 899 0492 1082 кіру коды: 123456.

Пенсионное удостоверение МВД РК, выданное в 2023 году на имя Ли Афанасия Вячеславовича, 28.11.1975 года рождения, в связи с утерей считать недействительным.

№477

Жаңалық әрқашан жаныңызда!

https://ortalyyq.kz/

Электрондық пошта:

ortalyyk.kaz@mail.ru

• ИМАН

Ортақ құндылықтарды жақындататын көпір

Бүгінде түрлі мәдениет пен түрлі сенім өкілдері бір қоғамда өмір сүреді. Осындай ортада өзге дін өкілімен дос болу – тек тәзімділік белгісі ғана емес, рухани байлықты арттыратын, адамдық өрісті кеңейтетін ерекше мүмкіндік. Бұл – қоғамды ұйыстыратын, адамдарды жақындастыратын үлкен мәдени құндылық.

Өзге сенімдегі адаммен достық – кісілікті, кеңпейілділікті, ізеттілікті күшейтеді. Түрлі көзқарасты қабылдай білу, қарсы пікірді тыңдау, өзгеге құрметпен қарау – нағыз парасатты тұлғаның белгісі. Көпқырлы ортада жүріп, адам өз мінезін шындап, тәзімділігін арттырады. Бұл – жеке тұлғаның биік мәдениетке жету жолы.

Әр халықтың, әр діннің өз ерекшелігі бар. Өзге діндегі дос – сол әлемге ашылған терезе. Ол арқылы адам жаңа дәстүрлермен, философиямен, ойлау үлгісімен танысады. Бөгде дүниені көріп-білген сайын адам санасы кеңейіп, дүниетанымы байи түседі. Бұл – рухани дамудың ең мықты жолдарының бірі.

Өзге діндегі досы бар адам

ешқашан өшпенділікке, дінге қатысты араздыққа бой алдырмайды. Өйткені, ол нақты адамды таниды, оның жүрегін, ниетін, құндылығын біледі. Осындай жеке қарым-қатынас қоғамдағы бейбітшіліктің де негізін қалайды.

Қазақтың «Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен» дейтіні бар – дос арқылы адам дұрыс түсінік қалыптастырады.

Діндердің үні әртүрлі болғанымен, түбінде қайсысы да ізгілікке, адамгершілікке, әділетке үндейді. Өзге сенім иесімен достық құру – осындай ортақ құндылықтарды

сезінудің шынайы жолы. Жақсы қарым-қатынас арқылы дін туралы теріс түсініктер азайып, адам санасы ашылады. Бүгінгі қоғамның мәселелері – дін атаулыдан жоғары тұрған ортақ проблемалар: жастар тәрбиесі, отбасы құндылығы, білім, еңбек мәдениеті, экология, қауіпсіздік. Өзге дін өкілімен дос болу осындай мәселелерде пікір алмасуға, жана шешімдер табуға, әлеуметтік байланыс орнатуға жол ашады.

Өз сеніміне берік адам өзге діндегі досымен қарым-қатынастан қорықпайды. Керісінше, «өзгені

таныған адам – өзін таниды» дегендей, ол жүрегіндегі имани құндылықтарды одан сайын бағалай бастайды. Адамгершілік, әділдік, мейірім – барлық дінге ортақ қасиеттер. Достық осы қасиеттерді күшейтеді.

Қазақстан – көпэтносты, көп-конфессиялы ел. Мұнда түрлі дін өкілдерінің достығы – қоғам тұрақтылығының басты кепілі. Қарапайым адамдардың арасындағы өзара сыйластық пен достық – ірі саяси келісімдердің де негізін нығайтады.

Осы тұрғыдан алғанда, өзге

дін өкілін дос тұту – елдік тұтас-тығымызды бекемдейтін азаматтық мәдениет. Ол – жүректі кеңейтетін, ойды ашатын, қоғамды біріктіретін рухани көпір. Адамды жетілдіретін, қоғамды көркейтетін, ел ішіндегі тұта-лықты сақтайтын үлкен құндылық.

Адамдықтың еңпісі – сыйлас-тықта, ал сыйластықтың тірегі – өзгені түсініп, құрметтей білу.

Ж. БАҚЫТБЕК
(kazislam.kz)

д